

1-СӨЖ. Тақырыбы: Қазақстан Республикасындағы геодезиялық тораптарды дамытудағы негізгі бағыттар. Реферат.

Жұмыстың түрі: Реферат жазу

Тапсырма мазмұны:

Студенттерге Қазақстан Республикасындағы геодезиялық тораптардың дамуы, қазіргі жағдайы, жаңғырту бағыттары және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мәселелері бойынша реферат дайындау тапсырылады. Рефератта келесі мәселелер ашылуы тиіс:

- геодезиялық торап ұғымы және оның маңызы;
- қазақстандағы геодезиялық жүйелердің тарихи дамуы;
- қазіргі геодезиялық инфрақұрылым: Жерсеріктік бақылау, GPS/ГЛОНАСС жүйелері;
- мемлекеттік геодезиялық тораптар және олардың жаңғыртылуы;
- сандық технологиялардың ықпалы, даму бағыттары (цифрлық Қазақстан, "жасыл" технологиялар және т.б.);
- халықаралық тәжірибе және Қазақстанмен салыстыру.

Рефератты ресімдеуге қойылатын талаптар:

Көлемі: 6-8 бет (А4 форматы, Times New Roman шрифті, өлшемі 14, жол аралық интервал 1,0). Жиектер: барлық жағынан 2 см.

Жұмыста ғылыми мақалаларды, оқу құралдарын және нормативтік құжаттарды қоса алғанда, кемінде 5 дереккөзді пайдалану керек.

Мәтін Академиялық этика талаптарына сәйкес (плагиатсыз), дұрыс дәйексөздермен және дереккөздерге сілтемелермен ресімделуі керек.

Рефераттың құрылымы:

- Титулдық бет (ЖОО атауы, кафедра, пән атауы, жұмыс тақырыбы, студенттің және оқытушының аты-жөні, курс, топ, жыл);
- Мазмұны;
- Кіріспе (тақырыптың өзектілігі);
- Негізгі бөлім (теориялық талдау, статистикалық деректер, графиктер, суреттер);
- Қорытынды (қысқаша тұжырымдар мен ұсыныстар);
- Қолданылған әдебиеттер тізімі (кемінде 5 дереккөз).

Әдістемелік нұсқаулар:

Реферат ғылыми стильде, нақты деректерге сүйеніп жазылуы тиіс. Интернет-ресурстармен қатар отандық нормативтік-құқықтық актілер мен ресми құжаттарды пайдалану ұсынылады. Мәтінде сілтемелер дұрыс ресімделуі қажет (мысалы: [1], [2]). Картографиялық материалдар мен схемаларды пайдалануға болады. Жұмыстағы барлық кестелер мен суреттер нөмірленіп, атаулары көрсетілуі керек.